




ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА – 30 ЖЫЛ



Желтоқсан-86 / Құраст.: Б. Әбдіғалиев, Б. Көрпембайұлы. – Алматы: Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2006.


1-кітап. Ұлт теңдігі көтерілісі. – 260 б.

Кітапта әйгілі «Желтоқсан-86» оқиғасы туралы тарихи деректер мен естеліктер топтастырылған.




2-кітап. Намыс оты алаулаған. – 284 б.

«Желтоқсан-86» жинағының «Намыс оты алаулаған» деп аталатын екінші кітап сол бір сұрапыл уақытта көз жұмған, жапа шеккен, түрліше кудалауларғы ұшыраған желтоқсандықтардың өздері туралы және олар турасында айтылған естеліктер беріліп отыр.



3-кітап. Тәуелсіздік осылай басталған. – 280 б.


"Желтоқсан-86" жинағының "Тәуелсіздік осылай басталған" деп аталатын үшінші кітабында желтоқсан көтерілісінің қалай басталғандығы мен оның қалай өріс алғандығы баяндалады. Бүгінгі ел тәуелсіздігіне сол бір кезеңдердегі талпыныстардың тигізген әсері, ықпалы болғандығы айтылады.



Желтоқсан-86 / Құраст.: Б. Әбдіғалиев, Б. Көрпембайұлы. – Алматы: Алтынбек Сәрсенбайұлы қоры, 2006.


4-кітап. Әділет жолындағы қасірет. – 239 б.

"Желтоқсан-86" жинағының "Әділет жолындағы қасірет" деп аталатын төртінші кітабында желтоқсан көтерілісінде әділет іздеп, азап шеккен ұрпақтың адал ниеті, алаң көңілі, тағдыр тәлкегі туралы кеңінен баяндалады Сондай-ақ, жастарды жаппай жазалауға әмір бергендер мен оны орындаушылардың қылмыстық әрекеттері әшкереленеді.



5-кітап. Елдікті сақтаған ерлік. – 264 б.

"Желтоқсан-86" жинағының "Елдікті сақтаған ерлік" деп аталатын бесінші кітабында Желтоқсан көтерілісінің тілді, ел аумағының тұтастығын сақтап қалудағы мәні ашып көрсетіледі. Азаттық үшін арпалысқандардың ерлік ісіне жаңаша көзқараспен баға беріледі.



Желтоқсан-86: Сб. документов. – Алматы: ОФ "Фонд Алтынбека Сарсенбайұлы", 2006.


Кн. 6. – 328 с.

В шестую книгу серии «Желтоқсан-86» вошли статьи и публикации о декабрьском восстании 1986 года, опубликованные на русском языке на страницах периодической печати за 1986-1995 годы.




Кн. 7. – 300 с.

В седьмую книгу серии «Желтоқсан-86» вошли статьи и публикации о декабрьском восстании 1986 года, опубликованные на русском языке на страницах периодической печати за 1996-2005 годы.



Кн. 8. – 457 с.


В восьмую книгу серии «Желтоқсан-86» вошли документы и материалы партийных, правоохранительных и судебных органов Казахской ССР, связанные с декабрьским восстанием 1986 года. Многие документы публикуются впервые.



Желтоксан-86: Сб. документов. – Алматы: ОФ "Фонд Алтынбека Сарсенбайулы", 2006.

Кн. 9. – 360 с.

В девятую книгу серии «Желтоксан-86» вошли документы и материалы Комиссии Верховного Совета Казахской ССР по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями в городе Алма-Ате 17-18 декабря 1986 года.



Кн. 10. – 280 с.

В десятую книгу серии «Желтоксан-86» вошли документы и материалы Конституционного суда Республики Казахстан, связанные с рассмотрением дела «О конституционности решений, принятых органами государственной власти и управления Казахской ССР, а также правоприменительной практики административных, судебных и правоохранительных органов, их высших должностных лиц в период декабрьских (1986 г.) событий в Алма-Ате и некоторых областях Казахстана».



Алматы. 1986. Желтоқсан: 5томдық. /Құраст.:
Т.Айтбайұлы. - Алматы : Arna-b, 2011.

Т.1. – 464 б.

Бірінші томға 1986-1992 жылдарда жазылған мақалалар беріліп отыр. Алматы көшелеріне бейбіт ұранмен шыққан жастар неге соққыға жығылды? Қазақ жастарын Алаңға алып шыққан себеп не еді? Қолыңыздағы кітап осы сауалдарды алға тартып, жауап іздейді.

Т.2. – 376 б.

Бұл кітапқа негізінен 1992 жылдан кейінгі жарияланған мақалалар топтастырылған. Кітаптағы тың ақпараттар, желтоқсан оқиғасына қатысушылардың естеліктері кім-кімді де қызықтыра түсері сөзсіз.



Т.3. – 274 б.


Кітаптың бұл томына, негізінен, Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы кезінде жинақталған материалдар енгізілді. Көрнекті қоғам қайраткерлері мен саясаткерлердің, ғалымдар мен тарихшылардың, қарапайым қоғам мүшелерінің ой-толғаныстары топтастырылған.

Т.4. – 362 б.

Бұл кітаптан естелік материалдарды, зерттеуші-ғалымдар және оқиғаға байланысты құрылған комиссия құрамында болып, азаматтық борышын адал атқарған журналистердің мақала, сұхбаттарын оқи аласыздар.


Т.5. – 382 б.

Кітаптың бұл томына енген материалдар негізінен облыстық зерттеуден кейінгі жылдары жарияланған дүниелерден тұрады. Оқиғаға қатысушылар мен оның куәгерлерінің естелік әңгімелері сол бір ызғарлы уақыттың ащы ақиқатын аша түсуге септігі тиетін дерек, дәйектерімен де баурайды.




Алматы 1986: Желтоқсан. Т.1: Айғақ кітап / Құраст.: Т. Айтбайұлы, Т. Зейнәбіл. – Алматы: Тоғанай Т, 2006. – 568 б.

Ақиқат жолы ауыр, шындықтың соқпағы шырғалаң екеніне елімізде ғана емес, кешегі Кеңестер Одағында, тіпті әлемдік ауқымда айрықша бетбұрыс нышаны болған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі айқын дәлел. Сол бір ызғарлы уақыттан бері жиырма жыл өтіпті. Әйтседе көтеріліс құпиясы әлі анық айтылмай келеді




Алматы 1986: Желтоқсан. Т.2: Айғақ кітап / Құраст.: Т. Айтбайұлы, Т. Зейнәбіл. – Алматы: Тоғанай Т, 2006. – 568 б.

Желтоқсан көтерілісінің ақиқатын ашуға арналған айғақ-кітаптың бірінші томына бұрын жарық көрген үш жинақ енгізілсе, қолдарыңыздағы екінші томға негізінен 1992 жылдан кейінгі жарияланған газеттік дүниелер топтастырылып отыр. Бұрын-соңды айтылмаған ақпараттар, қанды оқиға естеліктері молынан ұшырасады. Авторлар құрамы да бай. Бұған дейін «көтерілісті кім ұйымдастырды?» деген сауал сан мәрте алға тартылып, соңы жауапсыздықпен бітетін еді. Сөйтсек, оның әуелгі қозғаушысы бар екендігін «Жас Алаш» газетінде жарияланған белгілі қоғам қайраткері, заңгер-ғалым, Желтоқсанның ақиқатын ашуға барынша атсалысып жүрген Сабыр Қасымовтың сұхбатынан анық аңғардық. Кітап сол сұхбатпен үндес берілген басқа да материалдармен кім-кімді де қызықтыра түсері сөзсіз.



Алматы 1986: Желтоқсан. Т.3: Айғақ кітап / Құраст.: Т. Айтбайұлы, Т. Зейнәбіл. – Алматы: Тоғанай Т, 2007. – 480 б.

Айғақ-кітаптың бұл томына, негізінен, Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы кезінде жинақталған материалдар енгізілді. Көрнекті қоғам қайраткері, сұңғыла саясаткер-дипломат М.Есенәлиевтің терең толғанысқа толы ойлары айтылып, қазақ жастары қозғаған мән-мағынасы аса салмақты мәселелер әлі күнге шешілмей келе жатқаны кітапқа енген әрбір дүниеден анық аңғарылады. Тағы да алдыңыздан "Неге? Неге олай?" деген сауалдар атойлай шығады. Және жүздеген авторлардың жазғандарын біріктіріп, миллиондаған қайрансыз қазақтың ойын жеткізген қомақты жинақ "Неге?" деген сұрақпен аяқталады. Дегенмен Желтоқсан шындығын аша түсуге сәл болса да ілгері қимыл жасалғанына иланасыз.



Козыбаев М.Қ. 1986 Желтоқсан: дақпырт және шындық. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 35 б.



Козыбаев М.К. Декабрь 1986 года: факты и размышления. – Алматы, 1997. – 43 с.



Ақордаұлы Қ. Қанаты күйген қызғыш құс: Деректі повесть. – Шымкент: Жібек жолы, 1995. – 32 б. – (Мұғалім кітапханасы).



Алматы. 1986. Желтоқсан. – Алматы, 1991. – Т.2. – 192 б


Ақиқат жолы қашан да ауыр. Мұны 1986 жылы Алматыда болған әйгілі Желтоқсан оқиғасы тағы да дәлелдеді. Колбиншілдердің «қазақ ұлтшылдығы» туралы жанталаса жасаған жазықсыз тұжырымы кейінде халықтың талабымен жоққа шығарылды. Бірақ ол тұжырым СОКП Орталық Комитетінің атышулы қаулысынан үн-түнсіз ғана алынды. Халқымыздың жанын жаралағандар халықтан ашық кешірім сұрауға қадам жасамады. Ал желтоқсанға теріс сипат бергендер де бұғып қалды: кім екендігі әлі күнге «белгісіз». "Қазақстандағы мына кітапқа енген материалдардың қай-қайсысы да солардың бет-пердесін дау тудырмас дәйекті фактілермен ашып беруді мақсат етті.



Алматы. 1986. Желтоқсан. – Алматы, 1991. – Т.3. – 176 б


Бұл кітап таяуда жарық көрген «Алматы. 1986. Желтоқсан» кітабының заңды жалғасы. Ол өндіріске кеткен кезде жарық көре ме, көрмей ме дегендей алмағайып жағдай еді. Кеңестік «қырандардың» көзі қияндағыны қалт жібермейтін олар бәрін де қайтадан астан-кестең етуге әзір еді. Тамыз оқиғаларынан соң қоғамдық ахуал мүлде өзгерді. Жанымызды жаралаған ащы шындық туарлы бұрынғыдан да ашына айтатын болдық...

Қолыңызға тиген екінші кітапқа да Қиянат көрген, кеңестік «әділ сот» жазалаған қыз-жігіттеріміздің, атпал азаматтарымыздың нақты деректерге құрылған материалдары, журналист жазбалары еніп отыр.



Жамбылов Д.А. Тәуелсіздік және саяси сана. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 160 б.


Бұл кітапта қазақ халқының жоңғар басқыншыларына, Ресей империясының, Кеңес Одағының саяси, экономикалық, рухани отаршылығына қарсы өзінің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін жүргізілген сан ғасырлық күресі, оларды басқарған тарихи тұлғалар жөнінде жаңа көзқарас тұрғысынан жан-жақты баяндалады. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының іс-әрекеті, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары, солардың қазақ халқының саяси санасына еткен әсері кеңінен суреттеледі.



Табеев К.Т. Қазақтың Желтоқсаны: Деректі хикаяттар мен мақалалар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 328 б.


Кітапта XX ғасырдың соңына қарай әлемнің Еуразиялық бөлігін тұтастай алып жатқан кеңестік қызыл империяның іргесін шайқалтқан, төрткүл дүниеге серпін берген әйгілі 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасы баяндалады. Ұлт республикаларын жетпіс жылдан астам уақыт бойы тас бұғауда ұстап, сан мыңдаған адамның тағдырын күйреткен тоталитарлық мемлекеттегі ең алғашқы бас көтерген, ұрпаққа ұран болған тәуелсіздік қарлығаштары — қазақ жастарының ерлігі, оларды қолдаған бүкіл халықтың тағдыр-тауқыметі суреттеледі.

Құттықадам С. К. казахская драма. на сцене и за кулисами. – Алматы: VOX POPULI, 2010. – 304 с.



Книга описывает новейшую историю Казахстана (1991-2010 гг.). Автор, известный общественный деятель Казахстана, публицист и профессиональный журналист, делится своими воспоминаниями непосредственного участника и свидетеля динамичных и, порой, драматичных событий казахстанской политической жизни, ярко и образно рассказывает о том, какие тайные и явные замыслы стоят за известными событиями, рождением, расколом и исчезновением партий и движений, взлетом и падениями политиков и деятелей. В книге собраны самые примечательные и значимые статьи автора за истекшие двадцать лет, рассказы о личных встречах и дискуссиях со многими знаковыми людьми республики, малознакомые подробности политической кухни страны.

Әнесұлы Ж. Желтоқсаннан кейін... – Алматы: Sanjar-U, 2010. – 103 б.




Желтоқсан көтерілісіне қатысқан көптеген жастардың есімдері бертінге дейінде белгісіз болып келді. «Қанды қырғыннан аман қалған қыздар» мақаласында сол көтеріліске қатысқан қыздардың есімдері 19 жылдан кейін ғана белгілі болып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін таратылған бұрынғы Торғай облысы елінің мұңы да осы кітапта біршама айтылған. Сондай-ақ халқымыздың ұлттық мәселелері де Ж.Әнесұлының басқа да мақалаларына негіз болған.



Желтоқсан шындығы. – Алматы: Горизонт-Өркен, 1991. – 128 б.

Бұл кітапта 1986 жылғы алаңға шыққан жастардың бейбіт шеруін заңсыз басып-жаншыған әкімшіл-әміршіл жүйе мен балаң демократияның қақтығысын, төрт жыл кешіккен шындықты баяндайды.




Декабрьские события 1986 года: политика, власть, судьбы: Материалы республиканской научно-практической конференции / Отв. ред. Л.М.Иватова. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.

Сборник материалов республиканской научно-практической конференции содержит научные исследования казахстанских ученых, отражающих декабрьские события 1986 года. Материалы посвящены оценке их социокультурной, политической, исторической роли в становлении независимого Казахстана. Опубликованные доклады и выступления участников конференции представляют интерес для научных сотрудников, преподавателей, ученых, аспирантов и студентов учебных заведений, специализирующихся в области политологии, социологии, истории и др.



Бейісқұлов Т. Желтоқсан ызғары: 1986 жылғы оқиға оқырмандарына ескерткіш. – Алматы: «Мерей», «Қазақстан», 1994. – 224 б.

Әдебиетші, журналист Т. Бейісқұловтың бұл кітабы 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Алматыда болған бейбіт шеру, елді дүр сілкіндірген оқиға, буырқанған жастардың асау толқыны, оның рухани сананы, ұлттық ар-намысты астан-кестең қопарған ғаламат күш-қуаты жөнінде, әміршіл-әкімшіл жүйе кезіндегі басшылықтың адам құнын аяққа таптаған өктем істерін әшкере ету туралы публицистикалық зерттеу-толғау.



Табей К. Мұзда жанған алау. – Алматы: Дәуір, 1993. – 232 б.


Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, бірнеше республикалық баспасөз конкурстарының жүлдегері, журналист-жазушы Коммунар Табейдің бұл кітабы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысты деректер мен ақпараттарға негізделіп жазылған.



Азаттық аңсағандар: Деректі шығармалар жыйнағы / Құраст. Оразақын Асқар. – Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 2006. – 256 б.

Ел үшін еткен ерлік уақыт өткен сайын жаңара, жаңғыра түспек. Сын сағатта қара басының қамынан ел мақсатын алдыға шығара білген жандар туралы жазылған еңбектің жастарға берер өнегесі қашан да мол.

Жыйнақ желтоқсан ұлт азаттық көтерілісінің 20 жылдығына арналған. Сол оқиғаға қатысушылардың ерліктері, көрген қуғын-сүргіндері, т.б. тарихи жағдайлар баяндалады.



Төлепберген Б. Желтоқсан қарлығаштары. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2010. – 248 б.

"Желтоқсан қарлығаштары" публицистикалық кітабында 1986 жылғы Алматы қаласындағы желтоқсан көтерілісіне қатысқан қазақ қыздарының қайсарлығы туралы сыр шертілген. Желтоқсан көтерілісінің тұтануына түрткі болған жайттардан бастап, желтоқсандық қаһарман қыздардың тізімдері мен олардың естеліктері берілген. Автор желтоқсан көтерілісіне қатысты толыққанды мағлұматты нақты деректермен қатар, сол желтоқсандық қыздардың өз аузымен айтуға тырыса отырып, желтоқсан көтерілісінің бізге беймәлім қырларын қамтуды мақсат тұтқан.




Телепберген Б. Біз білмейтін желтоқсан. - Алматы: КАЗАқпарат, 2006. – 292 б.

"Біз білмейтін Желтоқсан" публицистикалық кітабында қаһарман ұл-қыздарымыз туралы сыр шертілген. Бір-бірімен тығыз байланысты төрт бөлімде Желтоқсан дүниенің қалай басталғандығы мен ол турасындағы зиялыларымыздың ұстанымы, берген бағасы және де Желтоқсан қаһармандарының тізімдері мен олардың естеліктері берілген. Автор Желтоқсан тарихына қатысты толыққанды мағлұматты сол желтоқсандықтардың өз аузымен айтуға тырыса отырып. Желтоқсанның бізге беймәлім қырларын қамтуды мақсат тұтқан.




Спанова Р. Біз білетін желтоқсан: Естелік эссе. – Алматы: Жалын баспасы, 2000. – 208 б.

Қайрат Рысқұлбековпен бірге 14-жылға сотталған Қайыргелді Күзембаевтың зайыбы Роза Спанова бұл кітапта желтоқсан оқиғасын, қуғынға ұшыраған желтоқсандықтардың тартқан азабын отбасының тағдырымен байланыстыра еске алады.




Елбасы. Тәуелсіздік. Алматы. – Алматы: АҒЖА-В, 2010. – 208 б.

Бүгінде егіз ұғымға айналған Елбасы мен Тәуелсіздік тарихы туралы айтқанда Алматының қалыс қала алмайтыны белгілі. Осы үш ұғымның жаңа кезеңдегі тарихынан сыр шертетін қолдарыңыздағы альбом-кітапта кезінде баспасөз беттерінде, негізінен «Алматы Ақшамы» газетінде жарияланған мәліметтер мен суреттер топтастырылып отыр. Кітап тарихымызға тағзым етуді парызы санайтын көпшілік қауымға арналған.



Адырбекұлы К. XX ғасыр: Соңғы репрессия. – Алматы: Алаш, 2006. – 125 б.


Өткен XX ғасырда қазақ халқы талай қилы кезеңдерден, тарихи сындардан өтті. Бірнеше саяси репрессияны бастан кешірді. Солардың ең соңғысы Г.В.Колбин Республика басшылығына келген 1986 жылдың желтоқсанынан 1989 жылдың маусым айына дейін созылды. Ол 1986 жылғы жастардың Желтоқсан көтерілісіне Республиканың бұрынғы басшысы Д.А.Қонаевты кінәлі етіп шығару үшін барлық қитұрқы, заңсыз әрекеттерге барды.



Әбназарұлы Ү. Желтоқсан рухы – Тәуелсіздік туы... – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2012. – 408 б.

Белгілі журналист Үмбет Әбназарұлының әлденеше бөлімнен тұратын бұл кітабы ел алдындағы шығармашылық есебі іспетті дүние. Жинақтың ең қомақты бөлімі әйгілі Желтоқсан көтерілісіне арналған. Алаңда атой салмаса да, алаулатқан, ұлттың ұраншысы, қорғаны болған қаһарман, өжет қыз-жігіттерден бір де кем қалмай іс тындырған, сөйтіп, қазағы үшін қабырғасы қалай қайысатынын көрсете білген арда азаматтың қанша азап шексе де алған азаткерлік бағытынан айналмағаны тәнті етеді.


Жинақта автордың әр жылдарда жазған публицистикалық материалдары мен өлең-жырлары, өзге тұлғалар туралы портреттері, сонымен бірге автордың өзі туралы да жазбалар топтастырылған. Міне, солардың ұзына бойында Желтоқсан рухы алтын арқау болып тартылған деп айтуға әбден болады.



Самрат Ж. Бітеу жара / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Ақ Бүркіт, 2007. – 360 б.

Жазушы Жаксыбай Самрат "Бітеу жара" атты романында елдікке ұмтылған саналы жастардың өршіл бейнесін жасау арқылы болашақ ұрпаққа патриоттық тәрбие беруді көздейді. Қазақ халқының елдігі мен мемлекеттігінің қалыптасуындағы шешуші тарихи Желтоқсан оқиғасында жекелеген адамдар мен типтік тұлғалардың атқарған рөлін сипаттау арқылы адам факторын алға шығарады.

Роман туған халқының тағдыр талайына бейжай қарамайтын барша оқырман қауымға арналған.



Ер намысы - ел намысы: Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков жайындағы жинақ / Құраст. М. Уақтегі. – Алматы: "Жалын баспасы" ЖШС, 1998. – 176 б.


Бұл жинаққа Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің өмірі мен оның Желтоқсан оқиғасына қатысты іс-әрекеттері жайындағы жазылымдар топтастырылды. Қайраттың кластас достары, ұстаздары мен туыстары, жерлестері, таныстары, еліміздің атаулы ақын-жазушылары, депутаттар Халық қаһарманы жайындағы өз пікірлерін ортаға салады.

Жинаққа Қайраттың өз шығармалары да енді.




Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман. – Алматы, 2006. – 624 б.

Шығармалары дүние жүзінің 40-тан астам тілдеріне аударылған. "түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны" атанған, Қазақстан және Қырғыз республикаларының халық жазушысы Мұхтар Шахановтың "Желтоқсан эпопеясы" атты деректі романының бірінші кітабына 1986 жылы қазақ топырағында ашу-ыза жарылысы ретінде бой көрсеткен Желтоқсан көтерілісі туралы ой-толғаулары, түрлі философиялық тұжырымдары тиісті құжаттар негізінде баяндалады.




Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы. – Алматы, 2011. – 896 б.

Шығармалары дүние жүзінің 50-ден астам тілдеріне аударылған, "Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны" атанған, Қазақстан және Қырғыз Республикаларының халық жазушысы Мұхтар Шахановтың "Желтоқсан эпопеясы" атты үш томдық деректі романында тоталитарлық жүйеге қарсы, 1986 жылы қазақ топырағында ашу-ыза жарылысы ретінде бой көрсеткен Желтоқсан көтерілісі туралы ой-толғаулары, түрлі философиялық тұжырымдары тиісті құжаттар негізінде баяндалады.




Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы. – Алматы, 2013. – 904 б.

Шығармалары дүние жүзінің 50-ден астам тілдеріне аударылған, "Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны" атанған, Қазақстан және Қырғыз Республикаларының халық жазушысы Мұхтар Шахановтың "Желтоқсан эпопеясы" атты үш томдық деректі романында тоталитарлық жүйеге қарсы, 1986 жылы қазақ топырағында ашу-ыза жарылысы ретінде бой көрсеткен Желтоқсан көтерілісі туралы ой-толғаулары, түрлі философиялық тұжырымдары тиісті құжаттар негізінде баяндалады.



Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. – Алматы: Ғылым, 2000. – Кн. 1. – 420 с.

Автор книги доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заслуженный деятель науки РК, лауреат Государственной премии, Президентской премии мира и духовного согласия Козыбаев Манаш Кабашевич целостно исследует проблемы историографии, источниковедения и методологии истории Казахстана. Он знакомит читателей с "белыми пятнами" истории, диалектикой новых подходов к ключевым проблемам истории казахской государственности, национально-освободительного движения, вхождения Казахстана в состав Российской империи, советского тоталитарного режима, становления независимой Республики Казахстан. В книге широко представлены также проблемы защиты Отечества, персоналии.



Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). – Алматы: Ғылым, 1998. – 1-кітап. – 344 б.

Есімі елге танымал ғалым. Ұлттық ғылым академиясының академигі Манаш Қозыбаевтың «Тарих зердесі» атты еңбегінің бірінші кітабында еліміз егемендік алып, тәуелсіздік туын тіккеннен бергі тұста жарияланған сұхбаттары, публицистикалық мақалалары, баяндамалары енген. Автор ғасырлар бойы халық арман еткен тәуелсіздік туралы сыр шертеді, оның ата тарихына бетбұрыс жасауға еткен әсеріне, ықпалына назар аударады, тарихнаманың «ақтандақ» мәселелерін күн тәртібіне қойып, оны шешуге байланысты өзіндік көзқарасын баяндайды.